3. Зорлық-зомбылық, суицид, буллингтің алдын алу жолдары.

Хабарламашы: мектеп психологі
сынып жетекшілер
Н. Таймас, Б. Әміржанқызы

Тыңдалды:
Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша сынып жетекшілер сөз алып

Scanned with CamScanner

Өтеуова Г.Б.

- Әр отбасының бала тәрбиесіне белсене қатысуының маңызын арттыру үшін ата-аналар жиналысын жаңа форматта өткізуіміз керек.

Мектеп пен ата-аналардың өзара іс-қимыл форматын ұйымдастыру бойынша жұмыстың жаңа мазмұны мыналарды көздейді:

1. ата-аналардың баланы оқыту мен тәрбиелеу процесіне тарту.
2. ата-аналарды тәрбиелеу әдістерімен, балалардың физиологиялық және психологиялық даму кезеңдерімен таныстыру.
3. ата-аналардың балалармен бірлескен жұмысы (үйірмелер, секцияларға қатысуы)
4. балалардың тәрбиелеу деңгейлерін бірлесіп бағалау.
5. ата-аналардың мектептегі өзін-өзі басқаруға қатысуы.

(Өткізілген ата-аналар жиналысының фотолары мен жұмыстарын көрсетіп, таныстыруммен көрсетті)

А. Айтжанова

- 7 „Б" сынып оқушыларының ата-аналарымен өткізілген жиналыстың барысында пән мұғалімдерімен, ата-аналармен бірлесіп жұмыс жасаймыз. Тренингтер өткізіп, бір-біріне жылы лебіздерін де білдіреді. Жиналысқа келген ата-ана өз баласының сабаққа дайындалуы, қатысуы, тәртібі туралы мәлімет алып кетеді. Соңғы ата-аналар жиналысында аналарға жазылған құттықтау хаттарын оқу кезінде аналары бір толқынып [illegible]

М. Балжанова

- 11 „А" сынып оқушыларының ата-аналарымен өткізген жиналыста, алдымен әр ата-анаға шақырту қағазын жіберді. Брифинг түрінде, конференция түрінде өткіземіз. Бала тәрбиесі туралы, болашақта мамандық таңдау, т.б. бойынша өз көзқарастарын анық жеткізеді. Ата-ананың баласы туралы ескертпе жиналыста масқараламай, ал жеке айтылады. Жеке уақытта да ата-аналармен жиі хабарласады.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша сынып жетекшілер сөз алды.

А. Деңгилбаева.

- Ақпараттық технологияларды сабақта қолданудың негізгі мақсаты: біртұтас әлемдік ақпараттық ортаны құру, жаңа ақпараттық технологияны қолдану, жалпы білім беру кеңістігімен сабақтастыру.

Жаңа ақпараттық технологияны сабақта пайдаланудың тиімділігі:

- оқушылардың еркін ойлауына мүмкіндік береді.
- ақыл-ойын дамытады.
- шығармашылық белсенділігін арттырады.
- ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді.
- жан-жақты ізденушілігін арттырады.
- ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аударуға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді.

Педагогке пайдалы программалар:

Kahoot, Flip Hy, LearningApps.org, Discord, Pow Toon, Simpbil, Class Dojo, Story Jumper, Socrative, Wordwall, edpuzzle, Quizlet т.б.

Scanned with CamScanner

[illegible].

- Оқушылардың оқу үрдісінде интербелсенді әдіс-тәсілдер түрлерін пайдалану біріншіден, оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден, балалардың сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттырып, сапасын көтеру болып табылады.

Сынып жетекшілермен ZipGrade программасымен қалай жұмыс жасауға болатынын көрсетті

1. Программаны смартфонға жүктеу және тіркелу.
2. Жаңа тест құру.
3. Сұрақ санын таңдау және оқушыларға бланк тарату.
4. Дұрыс жауап кілтін енгізу.
5. Оқушылардың жауаптарын тексеру.
6. Тест тапсырған оқушылардың талдау нәтижесі.

Сынып жетекшілер жауап бланкісіне 10 сұраққа жауап берді. Жауаптарын программа арқылы тексерді.

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша Ж. Тайман сөз алды.

- Зорлық-зомбылық, суицид, буллингтің алдын алу үшін күнделікті оқушылар арасындағы микроклиматын бақылауға алынып, көңіл-күйлері, мектеп ұстаздары мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас бақыланып, мектептегі оқушылардың мінез-құлықтарына кері әсерін тигізетін келеңсіз жағдайларға ай сайын мониторинг жүргізіліп отыруы керек. Байқалған жағдай, келеңсіз жағдай болса, жай қалдырмай, уақытында түзету жұмыстарын жүргізу керек [illegible]



Сөз сөйлегендер:

1. Д. Әлметова, 1 "Ә" сынып жетекшісі

- Ата-аналар жиналысын жаңа форматта өткізу үшін тренингтер өткізіп, жағдаяттар бойынша талдау, өзара пікір алмасу арқылы өз ойларына әзілдемелер сертіру арқылы өткіземіз. Ата-аналардың ішінен жиналысқа келмесе де жеке келіп, сөйлеседі.

2. Л. Қазбағамбетова, 10 "Ә" сынып жетекшісі

- Ұлы бабаларымыз айтқандай біз өткенге құрметпен бас иіп, жарқын болашаққа ұмтылуымыз қажет. Біз жаңа технологияларды сабақта ғана емес тәрбие беру мақсатында да қолданып жүрміз. Сынып ішінде ақпараттық технологияларды қолданған кезде ақпаратты қабылдау оңай. Жұмысымыз нәтижелі болады.

3. Г. Мұқасан, 5 "А" сынып жетекшісі.

- Балаларға қатысты зорлық-зомбылық, агрессия, қатыгездік бүгінде бала өмірінің көптеген салаларында кеңінен таралуда. Жоғары сынып оқушыларымен де осы тақырып бойынша арнайы мамандар кездесулер ұйымдастырылады. Ата-аналардың тарапынан да әлеуметтік желіде отыруын қадағалап отыруы керек.

Қаулы етеді:

1. Ата-аналар жиналысының жаңа форматта өткізу жұмыстары жалғастырылсын.

2. Тәрбие жұмысында ақпараттық

[illegible] қатысуы [illegible] жұмыстарды жалғастыруын.

3. Зорлық-зомбылық, суицид, буллингтің алдын-алу мақсаттарын серпіліп, жұмыстар сынып жетекшілердің психологпен бірлесе ұйымдастыруын.

Жиналыс төрайымы: [signature] Р. Салкина

Хатшы: [signature] Г. Өтеубова

Сынып жетекшілерінің

әдістемелік бірлестік отырысы

Хаттама №3

Күні: 07.02.2023 ж

Қатысуға тиіс – 54

Қатысты – 42

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Оқушылардың діни ұйымдарға, құқықбұзушылыққа, зиянды заттардың алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша кеңес.

Хабарламашы: Н. Молдин – инспектор, Г. Зубакирова, П. Жалилова – сынып жетекшілер.

2. „Рухани – адамгершілік құндылықтар – отбасындағы тәрбиенің негізі"

(тәжірибе алмасу)

Хабарламашы: А. Абилева, Г. Каирова – сынып жетекшілер.

3. 1-11 класс оқушыларының сабаққа қатысуы.

Хабарламашы: ДТЖО М. Кожахметов

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша Н. Молдин сөз алды.

– Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында кездесулер өткізіп, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп тұрады. Атап айтсақ, балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелері, балаларды айналадағы өнімдер мен теледі бағдарламаларының зиянды жерлерінен қорғау, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін зиянды заттардан аулақ болу, электронды темекі (вейп), энергетикалық сусындардың адам өміріне қауіпі туралы айтылды.

Г. Зубакирова:

– Әр адам өміріндегі шешуші кілт – жасөспірімдерге берілетін тәлім мен тәрбие арқылы өлшенеді. „Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы" деп ұлы данышпан айтқандай тәрбие адам өміріндегі басты құндылық болып саналады. Балалық шақ – қобалжусыз, зорлықсыз және құқықбұзушылықтың алдын алуымыз керек. Мектебімізде тәрбиелік мақ-

насы бар шаралар өткізіледі. Сынып жетекшілерінің мақсаты – мектеп оқушылары арасында белең алып жатқан зиянды заттарды пайдалануға және құқықбұзушылықтың алдын алу, жағымсыздікке жол бермеу. Жүректерінде мейірімділік ұялата отырып, шыдамдылыққа, қарапайымдылыққа тәрбиелеу.
(слайдтан дәлелдемелер келтіру)

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша А. Ашимова сөз алды.
- Ы. Алтынсариннің „Жақсы мінез бен ақыл күші бірікке – бүкіл адамгершілік қасиеттер" деп айтқанын ұмытпауымыз керек. Әр бірімен адам білімді болу қажет. Бұл орайда рухани-адамгершілік тәрбие берудің рөлі зор. Оқушылармен сынып сағаттары өткізіледі, кітап көрмесі ұйымдастырылды, достық пен бірлік ынтымақтастық туралы әр бөлек сурет салу сайыстарына да қатысады. Ата-аналар жиналысында да жадынама таратылып, тренингтер өткізіп, сауалнамалар алынды (слайдтан дәлелдемелер көрсетілді)

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша ДТІЖО М. Қожахметов сөз алды.
- 16.01, 17.01, 18.01, 19.01, 20.01, 23.01, 24.01, 25.01, 30, 31.01, 01.02, 02.02, 03.02 күндері оқушылардың сабаққа қатысуы қаралды. Әр аптаның жұма күні сабаққа қатысуы бойынша оқушылармен де сөйлесіп, түсіндіру жұмыстарын өткіземіз. Төмендегі аты аталған оқушылар жиі кешігеді: Абдрахман А (11А), Нұмаханов, Мейрамханова Ж (11„Ә"), Жүнісерқызы Ф (9„Ә"), Бейбітова А (9„Ә"), Оразбек (9„Б"), Бейсенова Н (9„В"), Жанбузина ЖӘ, Досанов Х (11„А"), Болатбекұлы (9„В"), Демесинов (4„Ә"), Абдрахман, Сұлтанова (5„Б"), Сайлаубайқызы Н (9„Ә"), Түкешова (9„В"), Утамыс, Абдрахманов А. (11„А"), Русланбек Р (11„Ә"), Абду Н (6„А"), Жүнісерқызы (8„Д"), Мәлемес С (7„В") тағы басқа

Сөз сөйлегендер:

1. Ф. Абдреим, сынып жетекшісі.
- Сабаққа кешігіп келетін оқушылардың айтатын себебі – ұйықтап қалуы. Тағы бір оқушы түнде жүйкесі жасағаннан кейін қалатын еді, қазір ата-анасымен сөйлесіп, жұмыстар жүргізілді.

2. Б. Избасарова, 8„Д" сынып жетекшісі
- Жүнісерқызы С. ғана сабақтан көп қалады. Үйге де барып, оқушының жағдайын зерделедік. Онлайн сабақ кезінде қарамай отырушы еді. Мектеп психологы Ж. Алиева ғазиміне де сөйлестік.

3. А. Даниязова, 9„А" сынып жетекшісі.
- Әрбір мұғалімнің әр оқушыны рухани-адамгершілікке тәрбиелеу – өзекті мәселе. Оны сынып сағаттары, іс-шаралар арқылы баланың бойына сіңіре аламыз.

Қаулы етеді:

1. Оқушыларды діни ұйымдарға, құқықбұзушылыққа, зиянды заттардан алдын алу жұмыстарын жетілдірілып, жүргізілсін.
2. Оқушылардың күнделікті сабаққа

қатысуы бақылауға алынып, себебі уақытылы анықталсын.

3. Рухани-адамгершілік құндылықтарға дәріптеу жұмыстары жандандырылсын.

Жиналыс төрайымы: [signature] Р. Салекина

Хатшы: [signature] Г. Отеуова

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестік отырысы

Хаттама № 4

Күні: 06.04.2023 жыл

Қатысуға тиіс - 54

Қатысты - 32

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Оқушылардың орта буынға бейімделуі (диагностар мен тұжырымдамалар)

Хабарламашы: Г. Макаева - 6 „В" сынып жетекшісі.

2. „Рухани жаңғыру" бағдарламасы

Хабарламашы: Т. Нурсултанова - 3 „Г" сынып жетекшісі

3. „Оқуға құштар мектеп" жобасына балалардың қатысуы.

Хабарламашы: Г. Айтжанова - мектеп кітапханашысы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша 6 „В" сынып жетекшісі Г. Макаева сөз алды.

- Бастауыш сынып оқушыларының орта буынға өтуі - қазіргі күнге дейін мектептің мәселесі болып келеді. Бұл кезең - оқушылар үшін де, ата-аналары үшін де, оларды 4 жыл бойы оқытып, аялап келген ұстаздары үшін де оларды енді қанатының астына алғалы отырған мұғалімдері үшін де - ең бір жауапты да қиын кезең. Бұл кезеңдегі қиындық жас ерекшелігіне байланысты жүктемелердің көбеюі, яғни 5-сыныпта оқу жүктемесі, оқу жағдайы күрт өзгеретіндігімен түсіндіріледі.

Бейімделу мынадай бағыттарды қамтиды:

1. Психологиялық диагностика.
2. Ата-аналармен, педагогтармен кеңестік жұмыс.
3. Әдістемелік жұмыс.
4. Профилактикалық жұмыс.
5. Түзету-дамытушылық жұмыс.
6. Қорытынды жұмыс.

Қалыптастырылған білім сапасы:

| | 4 сыныпта | 3 сыныпта |
|---|---|---|
| 5 "А" — | 67 % | 50 % |
| 5 "Ә" — | 54 % | 45 % |
| 5 "Б" — | 50 % | 43 % |
| 5 "В" — | 56 % | 42 % |
| 5 "Г" — | 59 % | 48 % |
| 5 "Д" — | 64 % | 45 % |
| 5 "Е" — | 45 % | 44 % |

Сөз соңында, егер бастауыш мектептегі оқушыларда оқу үлгерімімен қиындықтар болса, орта буынға өткен кезде де олардың жалғасып кетуі ықтимал, сондықтан алғашқы қадам басқан әр баланың жанына терең үңіліп, ден салып, жан дүниесін түсіне білейік.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша 3 "Г" сынып жетекшісі А. Нұрсұлтанова сөз алды.
– Алда әлі ұзақ жол, үлкен асулар бар. Сол асулар мен қиындықты жеңу үшін білектің күші мен найзаның ұшы керек емес. Оған тек жүрек пен білім, талант пен талап керек. Қазақ елінің абыройын асырып, мерейін үстем етер жас таңдаулар, талай-талай жаңалық ашар білімділер керек. Осыны 3 "Г" сынып оқушыларына үнемі айтып отырамын. "Рухани жаңғыру" бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында оқушылардың бос уақытында да өз бетінше оқуға тапсырмалар беремін. Оқушыларымды каникул кезінде кітапханаға, музейге, планетарийге апарып, танымдарын кеңейтуге тырысамын. Шығармашылық сайыстарға қатыстырамын (слайдпен таныстыру).

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша мектеп кітапханашысы Г. Аптанова сөз алды.
– "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында төмендегідей жұмыстар атқарылып жатыр.
– Kids book "Fest-2022" балалар кітап фестиваліне, 11 "Г", 9 "В", 7 "Б", 9 "А", 3 "А", 7 "Ә", 5 "Д", 4 "Д", 4 "А", 6 "В" сынып оқушылары қатысты.
– "Ұлы халықтың ұлы Абайы" кітап көрмесі.
– А. Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл "Ахаңның рухани кеңесі" атты танымдық сағаты 8 "В" оқушылары қатысты, А. Байтурина.
– "Пеш кешкі" ертегісін оқу, талқылау, 4 "Ә" сынып оқушылары қатысты, Г. Набиева.
– "Ертегілер еліне саяхат" 20 мин. оқу, 2 "Б" сыныбының оқушылары, Г. Өтебова.
– Республика күніне "Тәуелсіздік – елімнің еркін жолы" кітап көрмесі, бейнежазба көрсету мектеп бойынша өткізілді.
– М. Әуезовтың туғанына 15 жыл толуына орай [illegible] оқу сабағы, 7 "Б" сыныбы.
– Қазыбек бидің 355 жылдығына орай "Бабалардың асыл сөзі" кітап көрмесі, 5 "Ә", 6 "Б" сынып оқушылары.
– Кітапханамен танысу, 1 "А" сыныбы.
– Сауалнама алынды, 1-9 сыныптар.
– "Біз – ғасыр дертіне қарсымыз" көрме
– "Оқы, білмейсің" бейнежазба көрсетілді.
– Тәуелсіздік күніне көрме.
– С. Мұқановтың туғанына 100 жыл "Қазақ жерінің тұлпары" поэзия кеші.
– "Мен кітапты жақсы көремін" тәрбие сағаты, 6 "Б" сыныбы, А. Сайлаубаева.
– "Зерек оқушы" кітап оқу сабағы, 1 "А", 1 "Ә", 1 "Б", 1 "Г", 1 "В" сынып оқушылары
– 20 мин оқу сабағы, 2 "А", 8 "Д", 3 "Б", 5 "А", 5 "Б",

9 „Ә" 9 „Д" сынып оқушыларымен өтті
- „Кітапханалық бинго" әдеби-танымдық ойын сағаты өтті, 4 „Б", Ж. Қонбаева.
- „Әдептілік-әдемілік" тәрбие сағаты, 1 „Д" сыныбы, Р. Уметова
- Т. Жүргеновтың туғанына 125 жыл толуына орай тарихи сағат „10 А", 10 „Д" с.
- „Жұлдызды аспан аңыздары" атты кітап оқу талқылауы 2 „А" сыныбы.
- З. Нұршайықовтың 100 жылдығына орай „Ақиқат пен аңыз" романын әдеби оқу күні, 10 „Д" сыныбы
- „Аяз ата" ертегісін оқу, сипаттама берілді, 8 „Д" сыныбы, А. Данилбаева
- „Жеті лақ" ертегісі, қуыршақ көрсетілді, 0 „Д", 0 „В" сыныптары
- Қ. Толыбаевтың „Сорлы Арал" кітабын 20 мин. оқу сағаты, 7 „В" сыныбы.
- Ш. Мұртазаның 90 жылдығына орай „Қызыл жебе" романын әдеби оқу сағаты, 9 „А", 9 „Д", 9 „Б", 9 „В" сыныбы.
- „Оқы да үйрен" үзілісте ұнайтын кітап оқу, аудио кітаптар оқу, тыңдау.
- М. Жұмабаевтың 130 жылдығына орай „Мағжан сөнбес жұлдызы" атты өлең оқу сағаты, мектеп оқушылары қатысты.
- „Бір ел - бір кітап - 2023" акциясы
- М. Ысқақов туралы „Өмір жолы" атты бейнероликті көрсетілді, талқылау өтті, 9 „А", 9 „Д", 9 „Б", 9 „В" сыныптары.
- Көктемгі демалыс кезіндегі оқуға берілген тапсырмаларды талқылау 3 „Г" сынып оқушылары, Ж. Нұрсұлтанова
- Күнделікті 5 мин. оқу өткізіледі:
- Оқулықтарды бақылау күндері өткізіледі, барлық сынып оқушыларымен өтеді.

Сөз сөйлегендер:

1. Омирзаков А., 5 „Д" сынып жетекшісі
- Сабақтардағы оқушылардың ынтасы, тәртібі жақсы, пән мұғалімдерімен оқушылардың оқу жетістіктері туралы сөйлесіп тұрамын.

2. Г. Қаирова, 1 „А" сынып жетекшісі.
- „Рухани жаңғыру" бойынша сынып жетекшілер нақты-нақты іздері жасаған жұмыстарын мектептің әлеуметтік парақшасынан көріп, іс-шараларға өз оқушыларымды қатыстырамын.

3. Г. Еркинова, 10 „А" сынып жетекшісі.
- „Оқуға құштар мектеп" жобасы мектеп кітапханасында да, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында да іске асып жатыр. 10 „А" сынып оқушылары кітап көрмесі, бейнетаспа қарауға белсене қатысты.

Қаулы етеді:

1. 5-сынып оқушыларына кездескен қиындықтарды шешу жолдары бақылауға алынып, мұқият түсіндірілсін.

2. „Рухани жаңғыру" бағдарламасының жүзеге асырылуы бойынша жұмыстар жалғастырылсын.

3. „Оқуға құштар мектеп" жобасының шараларына балалардың қатысымы арттырылсын.

Жиналыс төрайымы: Р. Сәлекина

Хатшы: Г. Өтегова

Сынып жетекшілерінің
әдістемелік бірлестік отырысы

Хаттама № 5

Күні: 17.05.2023 ж
Қатысуға тиіс – 54
Қатысты – 50

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Жазғы демалысты ұйымдастыру бойынша сынып жетекшілердің жұмысы.
Хабарламашы: ДТІЖО М. Қожахметова

2. Жас сынып жетекшілерінің жұмыстарының қорытындысы. (жас сынып жетекшілерінің нәтижелері)
Хабарламашы: Н. Құлтанова, С. Жексенова сынып жетекшілер.

3. Сынып ұжымдарындағы тәрбие жұмысының нәтижелігіне диагностика және мониторинг өткізу.
Хабарламашы: ДТІЖО Р. Сәменова

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша ДТІЖО М. Қожахметова сөз алды.



- 2022-2023 оқу жылындағы жазғы демалысты ұйымдастыру бойынша сынып жетекшілердің жұмысын айтып кетейін:
- „Жұлдыз" мектеп жанындағы лагерьге баратын оқушылардың ата-аналарымен түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
- Жауапкершілік педагогпен бірлесе отырып қажетті құжаттарын толтыру. Медициналық тексеруден анықтамаларын тапсыру.
- Мектептен тыс лагерьге баратын оқушылардың да ата-аналарына түсіндіру жұмыстары жүргізілген, таныстырылған болуы керек.
- Қажетті құралдары да түгел болсын.

Мектеп жанындағы „Жұлдыз" лагері 2 ауысым болады. Тәрбиешілерге телефон нөмірлерін керекті құжаттарын беріңіздер.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша Н. Құлтанова сөз алды.
- Ұстаздық жолында шығармашылық табысқа ұмтылған мектептің жас мамандары ұрпақ тәрбиесіндегі өздерінің жауапкершілікті жоғары бағалайтынын аңғардық. 1 „Д" сынып жетекшісі Г. Сағынова мектеп табалдырығын жаңа ғана аттаған оқушыларымен „Ақылды қоржын" конкурсына қатысып, жүлделі орынға ие болды. Қыз балалары би үйірмесіне қатысып, мектептің іс-шараларында өнер көрсетіп жүр. Ф. Хасенова 2 „Г" сыныпқа жетекшілік етеді. Білмегенін сұрап, үйреніп жүреді. „Сынып

жетекші - 2023 жылғы сайысына қатысып өзінің өнерін, қолынан іс келетінін көрсетті. Әдістемелік көмек беріп отырамын. Тағы бір жас маманның бірі "3 Д" сынып жетекшісі - А. Жамалхан. Сыныбындағы оқушылары жан-жақты өнерлі. Ата-аналарымен де тығыз қарым-қатынаста. Бастауыш сыныптар әріптестігінің [illegible] жобалық оқу әдісімен сабақ беріп, ресурстарды тиімді қолдануын креативті әдістерімен бөлісті.
(слайдпен сапалық құрамын көрсетті)

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша ДТІЖО Р. Салекина сөз алды.
- Сынып ұжымдарындағы тәрбие жұмысының нәтижелілігіне диагностика жасау және мониторинг өткізу үшін тәрбиенің сегіз бағыты бойынша жұмыстар жүргізіліп, жиналыстар, психологиялық-педагогикалық кеңестер, тренингтер, әдістемелік бірлестік отырыстары өткізілді. Сынып ұжымдарындағы барлық жүргізілген жұмыстар мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланады. Сыныпта барлық оқушылар "Дәстүрлі мектеп" іс-шараларының барлығына қатысты, бірақ мектеп алдындағы оқушылардың белсенділік деңгейі әртүрлі. Жоғары сынып оқушыларының жұмысы "Жас Ұлан" жұмыстарымен байланысты. Каникул кезінде де сынып жетекшілер оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға тырысады.
(слайдпен нәтижесін көрсетті)

Сөз сөйлегендер:

1. Г. Аринова, "3 А" сынып жетекшісі.
- Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашан да маңызды мәселенің бірі деп білеміз. Мектеп жанындағы "Жұлдыз" лагеріне баруға ниет етіп отырған ата-аналары да сұрап жүрген оқушылар бар. Түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

2. Г. Әубакирова, "7 В" сынып жетекшісі.
- Жас сынып жетекшілердің жұмысын үйрендік. Басқа сынып жетекшілерден сұраймыз, әдістемелік көмек алып тұрамыз. Мектеп әкімшілігі де бізге әрдайым қолдау көрсетеді.

3. А. Досниязова, "9 А" сынып жетекшісі.
- Сыныптағы тәрбие жұмысының нәтижесін оқушының жетістіктерінен көресіз. Сыныптар арасында нәтижелерді салыстыру арқылы сапалы білімге ұмтыламыз. 9-сынып оқушылары болашақ мамандық туралы көп айтады. Ата-аналарымен де жұмыс жүргізу керек.

Қаулы етеді:
1. Жазғы демалысты ұйымдастыру бойынша сынып жетекшілердің белсенділіктері арттырылсын.
2. Жас сынып жетекшілерінің жұмыстарының нәтижесі қорытындылансын.
3. Сынып жетекшілердің сынып ұжымдарындағы тәрбие жұмысының нәтижесі "қанағаттанарлық" деп бағалансын.

Жиналыс төрайымы: [signature] Р. Салекина

Хатшы: [signature] Г. Өтегулова

Scanned with CamScanner

**«№36 қазақ орта мектебі» КММ-нің**
**2022-2023 оқу жылындағы сынып жетекшілермен жүргізілген жұмыс туралы анықтама.**

2022 - 2023 оқу жылында 54 сынып жетекшілері бекітілді. Жас сынып жетекшілерге тәлімгерлері бекітіліп, жыл бойына жұмыс жасады.

2022-2023 оқу жылында сынып жетекшілер бірлестігінің жұмыс жоспары жасалынды.

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестіктің өзектің мәселесі :

Сынып жетекшілерінің шығармашылығын көтеру арқылы тәрбие жұмысының инновациялық әдіс-тәсілдерін жетілдіру.

Мақсаты:Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысын жүйелендіре отырып, оқушылардың жалпыазаматтық және ұлттық, рухани құндылықтарын дамытуда тәрбиенің технологияларын пайдалана отырып, ақпараттық мәдениеті дамыған жан-жақты тұлға тәрбиелеу.

Сынып жетекшілерінің ӘБ міндеттері:

Тәрбиенің педагогикалық және психологиялық негіздеріне сүйене отырып, сынып жетекшілерінің теориялық, ғылыми – әдістемелік, практикалық білімін көтеру,озық технологиялармен қаруландыру.

Сынып жетекшілерінің жұмысын үйлестіруші нормативті – құқықтық базамен таныстыру.

Педагогтардың өз кәсіби құзіреттілігін көтеруге ықыластығын арттыру.

Сынып жетекшілерінің озық тәжірибесін жинақтап, тарату.

Оқушы тәрбиесіндегі тұлға қалыптастырудағы отбасының мүмкіндіктерін ашу.

Мектеп пен отбасының, жұртшылықтың ынтымақтастығын арттыру.

Жоспарға сай «Сынып жетекші – 2022» байқауы өткізілді.

Өткізілу мерзімі мен уақыты: 07.12-29.12.2022ж.

Мақсаты: сынып жетекшілердің кәсіби біліктілігін арттыру, жалпы білім беру жүйесіндегі тәрбие үдерісін жетілдіру, кәсіби деңгейі жоғары, шығармашыл және талантты тұлғаны анықтау, сынып жетекшілердің шығармашылық тәжірибесін айқындау арқылы тәрбие жүйесінде озат педагогикалық тәжірибесін анықтау, инновациялық және шығармашылық идеяларын көрсету.

Төмендегі құрамда комиссия құрылды:

Төрағасы: Б.У.Сарин- мектеп директоры;

Мүшелері: К.Карибаева – мектеп директороның оқу ісі жөніндегі орынбасары;
Н.Бокаева – мектеп директорының әдістеме ісі жөніндегі орынбасары;
Р.Салекина – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
М.Кожахметов - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
С.Калназарова – мектеп директорының бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары;
А.Оразымбетова – бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы.

Қатысқандар: МАД – 1, 1сынып -1, 2 сынып – 1, 4 кл - 1, 5-сынып -1, 7 сынып – 1, 8 сынып-1, 9 сынып-1, әр паралельден бір мұғалімнен.

Сынып жетекшінің педагогикалық тәжірибесі осы тұрғыда анықталды:

1.Портфолио (таныстырылым түрінде).
2.Бейнероликтер байқауы «Менің мектебіме -30 жыл».
3.Панорамалық сынып сағаты (7 минут).
4.Жағдаяттық сұрақтар.
5.Өз өнерін көрсету.

Сынып жетекшілеріне мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Р.Салекина және М.Кожахметов байқау ережесімен таныстырды.

Күні: 19.12.2022ж

I айналым: Портфолио (таныстырылым түрінде)

II айналым: Бейнероликтер байқауы «Менің мектебіме -30 жыл»(мектептің инстаграм желісіне жарияланды)








Күні: 20.12.2022ж

III айналым: Панаромалық сынып сағаты (7 минут).

IV айналым: Жағдаяттық сұрақтар.

Өткізілген сынып сағаттарының тақырыптары:

Нәбиева Гүлдана - «Жолда жүру ережесі»

Scanned with CamScanner

Сағытжанова Алтын –«Мамандық таңдау-маңызды іс »
Закирова Сымбат– «Татулықты сақтаған – тектіліктің белгісі»
Курманиязова Алмагүл – « Достық қымбат өмірде»
Бабаниязова Мейрамгүл– «Тәуелсіздік – ел тірегі»
Бахытжанова Жаннұр – «Тәуелсіз елім-кең байтақ жерім»
Әубакирова Гүлнұр - «Тәуелсіздікке қалай қол жеткіздік?»
Дуйсебаева Жанаргуль – «Жол жүру ережесін білемізбе?»








Күні: 23.12.2022ж
V айналым: Өз өнерін көрсету









Байқау қорытындысы бойынша Закирова Сымбат-8 «а» сынып жетекшісі- бас жүлде, Сағытжанова Алтын – 9 «б» сынып жетекшісі - 1 орын, Әубакирова Гүлнұр – 7 «в» сынып жетекшісі-2 орын, Бахытжанова Жаннұр 2 «д» сынып жетекшісі-3 орын, Белсене қатысқан сынып жетекшілер жүлделі орындарға иемденіп, дипломдар мен сыйлықтарға ие болды. Мектептің инстаграмм желісіне жарияланды.
https://www.instagram.com/p/Cmbxp28szjL/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

Қорытынды:
2022-2023 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасының орындалуы туралы есепті қорытындылай келе төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру:
- «Құндылықтарға негізделген білім» жобасы аясында жұмыстану;
-Сынып жетекшілер, медбике , мектеп инспекторы бірлесе отырып жұмыс жасауды жалғастыру.

Мектеп директоры: Б.У.Сарин

Scanned with CamScanner